

**Байғанин аудандық мәслихатының
2017 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 110 «2018-2020 жылдарға
арналған Байғанин аудандық
бюджетін бекіту туралы» шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №110 «2018-2020 жылдарға арналған Байғанин аудандық бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5786 санымен тіркелген, 2018 жылғы 11 қаңтарда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер - «5 430 135» сандары «5 469 264,0» сандарымен ауыстырылсын;
трансферттердің түсімдері - «1 580 135» сандары «1 619 264,0» сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар - «5 785 880,9» сандары «5 825 015,6» сандарымен ауыстырылсын;

5) тармақшасында:

бюджет тапшылығы (профициті) - «-404 423,9» сандары «-404 429,6» сандарымен ауыстырылсын;

6) тармақшасында:

бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - «404 423,9» сандары «404 429,6» сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімдегі қосымшаға сәйкес редакцияда мазмұндалсын.

3. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін;

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.